



«БЕКІТІЛДІ»

ҚРҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

Р. Емелбаев

202_ ж.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыты

«Неміс тілі» пәні бойынша

оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест спецификациясы

(2024 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В018-Шет тілі мұғалімдерін даярлау

В036-Аударма ісі

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Сөз таптары.	01	Зат есім.	Сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерінде коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру және дамыту. Жаңа тілді қарым-қатынас саласына және тақырыптарға сәйкесменгеру.
		02	Сын есім.	
		03	Есімдік	
		04	Сан есім	
		05	Көмекші сөз	
		06	Етістік	
02	Ашық, бұйрық және қалау райлар. Ырықсыз етіс. Неміс тіліндегі сөйлемдердің құрылымы, сұрақтың түрлері. Модальдық етістіктер.	07	Етістіктің шақтық-түрлік формалары. Ырықсыз етіс	Тіл байлығын қалыптастыру және дамыту. Сөйлеу әрекетінің 4 түрі бойынша қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру.
		08	Неміс тіліндегі сөйлемдердің құрылымы, сұрақтың түрлері.	
		09	Шартты сөйлемдер. Модальдық етістіктер.	Формальды белгілерге негізделген бағыныңқы сөйлемдерді дәл анықтау және ерекшелену дағдыларын меңгеру. Модаль етістіктердің синтаксистік айырмашылығын дұрыс қолдана білу, ажырата білу.

		10	Уақыт негіздері	«Шақтардың келісуі. Тақырып бойынша оқушылардың білімдерін жалпылау және жүйелеу. Шақтарды және оның ережелерін қолдана білу.
03	Адам өмірі. Германияның атақты адамдары. Германияның географиясы. Германияның мерекелері.	11	Менің отбасым. Менің колледжім. Иоганн Вольфганг Гете. Гримм ағайындары. Вольфганг Амадей Моцарт.	Студенттерді оқытылатын тіл елдерінің мәдениеті мен салт-дәстүрімен, шынайылығымен таныстыру.
		12	Оқу-іс әрекеті. Дәрігерге бару.	Студенттердің қазіргі әлемдегі қарым-қатынас, таным, өзін-өзі жүзеге асыру және әлеуметтік бейімделу құралы ретіндегі шет тілінің маңызы туралы түсініктерін дамыту және тәрбиелеу.
		13	Неміс тамағы. Германияның географиясы.	Азаматтық, патриоттық қасиеттерді тәрбиелеу, ұлттық сананы дамыту, өзге мәдениеттің көріністеріне төзімділікпен қарау. Шетелдік мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында өз елін, оның мәдениетін таныту дағдыларын қалыптастыру.
		14	Дүние жүзі картасы. Жыл мезгілдері.	
		15	Менің туған қалам. Дүкен және сауда жасау.	
		16	Германияның мерекелері.	
04	Германияның білім беру және денсаулық сақтау жүйесі, спорты және демалысы.	17	Берлин. Германияның білім беру жүйесі. Германияның спорт ойындары.	

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Неміс тілі» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. **Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. **Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. **Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. **Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Themen aktuell 1,2,3, H.Aufderstasse, H.Bock, K.Eisfeld, Hueber Verlag, München, 2003

2. Д. А. Листин, Полный курс немецкого языка, Москва 2015г.

3. . В.М.Завьялова, Л.И. Ильина практический курс немецкого языка

«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу-әдістемелік
бірлестігінің төрағасы


А.Аширбекова

(КОЛЫ)

(Т.А.Ә)

202__ ж.









